

С.Н. АЙТҚҰЛОВА

ҚАЗАКСТАҢ РЕСПУБЛИКАС БАНКТІК БИЗНЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ЖОЛДАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

1997 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» атты стратегиялық бағдарламасындағы Жолдауында: «Коммерциялық банктердің несие саясатын жандандыру олардың ресурстық базасын ұлғайтуды талап етеді. Халықтың ұзак мерзімді депозиттерінің үлесін ұлғайтудың он үрдістеріне колдау көрсету үшін халықтың салымдарын міндettі сақтандыру жүйесін нығайту мен банктердің жүйелік орнықтылығын арттыруды камтитын банк жүйесіне деген халық сенімін арттыру жөнінде іс-шараларды одан әрі жүргізу қажет» деп айтқан болатын.

Осы Жолдауда: «Дамыған нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу». «Инфляцияны қолайлы денгейге түсіре отырып, біз стратегиялық күшті экономикалық ілгерілеуге бағыттаймыз, таяудағы жылдарда біз назарымызды экономиканың нақты секторына, оны сауықтыруға, фискалдық және монетарлық қатаң шектеулер жағдайындағы өсу мен күшті өлеуметтік саясатқа аударамыз», - дедінген.

Төлемдер балансының онды сальdosына қол жеткізілді, ұлттық валюта – теңгенің курсы тұрақтандырылды, мемлекеттің қаржылық жағдайы жақсарып, жұмыссыздардың саны азауда. Мұның бәрі Қазақстан халқының ертеңгі күніне нық сенімді болуына мүмкіндік береді. Экономикалық реформаларды жүзеге асыруда белсенділік танытып отырған мемлекеттік органдардың бірі, «банктер арасындағы банк» атағына ие болған, ақшалай-несие саясатын табысты іске асырып отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі екенін атап көрсеткеніміз жөн.

Жылдан жылға банктер өз бизнесін дамыту үшін халыққа көрсететін қызметтерінің түрлері мен сапасын көбейтуде. Қаржылық үйімдар мен қаржы нарығын қадағалау және реттеу Агенттігінің реєсми мәлімдемесі бойынша 2006 жылы қазақстандық банк жүйесінің жиынтық активтерінің сомасы 731,4 млрд теңгені құраса, 2007 жылы олардың көлемі 2,3 есеге артып 1677,9 млрд теңге болған. Осы кезеңде банк жүйесінің таза пайдасы 1,6 млрд теңгеден 4,4 млрд теңгеге дейін (175 %) өсіп, банк активтерінің табыстылығы 0,15 % - дан 0,28 % дейін артқан. Бұл банктік бизнестің тиімділігінің артып, сапалық түрфыдан жақсарғандығын көрсетеді. 2007–2009

жылдардағы банктік бизнес құрамында депозиттік, несиелік, бағалы қағаздармен байланысты операциялардың үлесі өзге операциялармен салыстырғанда анағұрлым басым. Соңғы жылдары банктердің қызметіне валюталық, ипотекалық несиелеу, электрондық есеп айырысу, шағын және орта бизнесті несиелеу, құнды металдармен операциялар жүргізу, траст, кастодиан секілді жана қызметтер белсенді түрде енгізіліп, жүйелі түрде дами бастады. Олардың банктің жиынтық активтеріндегі үлесі 4,8 % - тен 10,2 %-ке дейін өскен.

2007 жылы басталған әлемдік қаржы дағдарысы банктік бизнеске өз ықпалын тигізіп, қыншылықтар туғызған болатын. Сондықтан ҚР Үкіметі жедел шаралар қабылдап, банктік қызметтер саласында түрлі колдаулар көрсетуде. Мемлекеттік деңгейде, дағдарысқа қарсы құрылған бағдарламалар бойынша коммерциялық банктерге көмекке келіп, «Самырұқ-Қазына» қорынан отандық оннан астам несиелік үйімдарға 2 трлн. теңге қаржыны орналастырып, коммерциялық банктердің негізгі кредиторына айналып отыр [1,16].

Қазақстан Республикасының қазіргі дамуының өзекті мәселелердің бірі тұрақты экономикалық өсімді калыптастыру арқылы халықтың түрмисі деңгейін жақсарту және оның сапасын қамтамасыз ету болып табылады. ҚР Президентінің «Жана онжылдық – жана экономикалық өрлеу – Қазақстанның жана мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында (2010 ж.). «Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысы экономиканың өсуі қарқынына ықпал етті, бірақ біздін дамуымызды тоқтатқан жок. Жинақталған экономикалық әлеует соңғы үш жылдың аса қын дағдарыстық шайқасында бізге тұрлаулылықты қамтамасыз етті. Біз еліміздің қаржы жүйесін қорғап, жүйе құрастырушы банктерді сақтап қалдық» - деп экономиканың салаларын несиемен қамтамасыз ететін банктердің қазіргі жағдайына назар аударған болатын.

Қазақстан экономикасының нарыққа көшуімен коммерциялық банктер алдынан мұлде жана көкжиектер ашады.

Экономикадағы және қоғамдағы нарық катынастарының дамуы, банктердің экономикалық

рөлін күшайте түседі. Олардың жұмысында бірінші орынға өкімшілік-басқарудың орнына экономикалық әдістер шығады. Экономикаға деген банк ықпалы құндылық құралдарының маңызы көтеріле түсті.

Қазіргі кезде көптеген коммерциялық банктеге тән сипаттардың бірі өмбебаптық үрдісі, банк клиенттері іс жүзінде қандай да болмасын ақша-қаржылық қызметтерге қол жеткізе алатын-дай «каржылық супермаркетке» айналу болып табылады. Біздің рынок құрылымдары қалыпта-суының нақты-тарихи жағдайында, коммерциялық банктер қызметінің тиімділігін бағалау әдістерінің өмбебаптығы даму және келешекте әрі қарай өмір сүру мүмкіндігін көрінісі. Сонымен қатар нарық қатынастарының дамуы мен нығайтылуының өлшемі бойынша, әр банк үшін билік пен өкілетті бөлісудің нақты механизмдерін қалыптастыру шағында, құн тәртібіне өзінің ар-найыланған текшесін немесе қызметінің онтай-лы аумағын іздестіру мәселесі қойылады.

Қазіргі коммерциялық банктер туралы сөз қозғағанда, олардың несие жүйесінің өзге де бу-ындары тәрізді, үнемі өрістеп отыратындығын баса айту керек. Олардың жүргізетін операция формалары, бәсекелестік әдістері, бақылау және басқару жүйесі өзгеріп отырады.

Сонғы жылдары банктердің жаңа бөлімшелерін ашуды кеңінен қолдаудың, электронды терминал пайда болуының және халықаралық банк операцияларының кең таралуының аркасында банк саласындағы бәсекелестік күшейе түсті. Бәсекелестік өзге де қаржы институттарының (мысалы, сақтау мекемелері мен ақша рыногының өзара қорлары, банктерге тән қызметтердің көптеген түрлерін ұсына алады) өсуіне байланысты күшайді.

Комакты меншікті капиталға ие бола тұра коммерциялық банктер өз өлеуетінде ірі инвесторларға айналуы ықтимал. Яғни, жалпы халық ша-руашылығының дамуына тікелей ықпал ете алады, құрылымдық қайта құруға араласады, тіпті экономиканың көптеген секторларының келешегін аныктайды.

Жеке меншікті басқарудың және капитал қалыптастырудың акционерлік-құқықтық мәртебесін кең ауқымда иелене отырып, коммерциялық банктер ірі қаржыгерлерге айналуы ықтимал және де өз қызметін көптеген холдингтер, еншілес фирмалар мен кәсіпорындар ашу арқылы жан-жақты дамыта алады, сондай-ак, қаты-судың түрлі формаларын дамытады.

Банктерге шынайы экономикалық рөл артудың негізгі құралы қоғам тарапынан коммерциялық

банктің дәрежесін рынок тұрғысынан дұрыс түсіну болып табылады және ол үшін оларды осы көзқарастың шегінде ұстауға мүмкіндік беретін реттеуші кешенін қалыптастыру кажет. Мұндай кешенде аса маңызды орынға өзін-өзі реттеу механизмі ие болуы тиіс. Оларды коммерциялық банктер нақты ойластырылған және негізделген даму стратегиясынан көрініс табатын миссиясын есепке ала отырып, өздері жасауға тиіс.

Менін ойымша, нарық экономикасындағы коммерциялық банктердің рөлін дұрыс түсіну негізінде, олардың өркайсысы өзінің орнын та-буы керек. Сондай-ак өзара өрекет жасаудың қарама-қайшылық процесінде жинақтардағы, өндірістегі, айналымдар мен тұтынудағы мақсаты міндеттерін шешуде, олардың коммерциялық және өлеуметтік тиімділігін көтеру үшін қолдағы барлық құралдарды пайдалану кажет.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008–2010 жылдарға арналған бағдарламасында ақша рыногының жағдайына ықпал етуді әрі қарай күшайту жөнінде шаралар қабылдау, ақша-несиелік саясаттың түрлі құралдары бойынша мөлшерлемені келісу жұмыстары жалғасады делінген. Мұнда қаржы рыногындағы сыйакы мөлшерлемесін реттеудің, сонымен қатар банктердің артық өтімділігін тазартудың негізгі құралдары Ұлттық банктердегі екінші деңгейдегі банктердің қысқа мерзімді нотасы және депозиттері болып қала береді.

Тәнгенің ағымды және капиталдық операциялар бойынша толық еркін айналымдылығы жағдайында валюталық және қаржы рыноктары жағдайындағы мониторинг молынан кеңеңе түседі, сондай-ак сыртқы экономикалық операциялар бойынша ақпараттық базаны жетілдіру жөніндегі жұмыстар жалғасады.

Нарық жағдайында қызмет ететін кез келген коммерциялық банктің түпкі мақсаты – пайда табу болса, оның қаржылық қызметін басқарудың басты мақсаты – банктің табысын арттыру болып табылады.

Коммерциялық банктердің табыс көздеріне мынадай банктік бизнес түрлерін жатқызуға болады:

- ссудалық бизнес;
- дисконттық бизнес;
- сақтау бизнесі;
- банктік кепіл беру қызметі;
- бағалы қағаздармен жасалатын бизнес;
- салымдар қабылдау және клиенттердің тапсырмасы бойынша операцияларды жүзеге асыру бизнесі;
- басқа банктермен корреспонденттік катынас-ка негізделген бизнес;

- дәстүрлі емес қызметтерді көрсете бизнесі.
Жалпы банктік бизнесте бағалы қағаздар нарығындағы қызметтері мәнді болып табылады.

Себебі коммерциялық банктер өмбебап қаржылық институты ретінде бағалы қағаздар нарығының қатысуышы болып табылады. Қазіргі кезде коммерциялық банктер бағалы қағаздар нарығындағы бизнесін өзінің қызметтіндегі маңызды бағыттардың бірі деп санайды. Екінші деңгейлі банктердің бағалы қағаздар операциясынан және инвестициялық қызметтен түскен табысы пайданың қалыптасуында басты рөл атқарды, сондай-ақ оның кеңеюі бағалы қағаздар операциясының жоғары табыстылығымен және тікелей банктік несиelerді тиімді қолдану сферасының қысқаруымен ынталандырылады.

Каржылық институттар, өсірепе банктер жабдықтаушы мен несиелік ресурстар болып табылатын тұтынушылар арасында делдалдық қызмет көрсетеді, сонымен бірге банктер уакытша бос ақша қаражаттарын жинақтап, оны белсенді қызмет ететін капиталға айналдырады.

Портфель құрудың басты мақсаты – банктік операциялардың өтімділігі. Ссудалық операциялар тәуекелді болғандыктан банк ресурстарының негізгі үлесі жоғары өтімді активтер формасында болуы қажет, яғни бағалы қағаздарға салымдар. Бұл бағалы қағаздар мемлекеттік болғаны жөн, себебі олардың сенімділік рейтингісі жоғары. Банктер өз клиенттері үшін бағалы қағаздарды сату, сатып алу бойынша мәмілелерді тапсырыс берушінің келісім-шарты негізінде жасайды. Сонымен катар банктер клиенттердің бағалы қағаздарды сату, сатып алу мәмілелерін биржалық және биржалық емес нарықта да жасай алады. Банк клиент өтінішін қанағаттандыру үшін өзінің портфелінен сатуға немесе клиент үшін бағалы қағаздарды портфельге сатып алуды жүзеге асырады.

Банктердің инвестициялық операциясы, олардың бағалы қағаздармен жасалатын операцияларын сипаттайтын.

Коммерциялық банктердің бағалы қағаздармен жасалатын операцияларын мынандай үш топка бөлуге болады:

- банктің эмитент ретіндегі операциялары;
- инвестор ретіндегі операциялары;
- делдал ретіндегі операциялары.

Жалпы отандық коммерциялық банктер колданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сай,

бағалы қағаздар нарығында мына операция түрлерін іске асыруға құқылы:

- есептік операциялар: занды және жеке тұлғалардың вексельдік (дисконт) және басқа да қарыздық міндеттемелерін есептеу;

- сейфтік операциялар: құжаттар және бағалы қағаздарды, клиенттердің құндылықтарын сейфтік жәшіктер, бөлімшелерді қосқандағы сактау бойынша қызмет көрсетулер;

- ломбардтық операциялар: жылжымалы мүлік және бағалы қағаздарды кепілдікке кою арқылы қысқа мерзімді несиелер беру;

- бағалы қағаздар нарығындағы клирингтік қызмет.

ӘДЕБІЕТ

1. Основные итоги реализации Концепции развития финансового сектора РК на 2004-2007гг.// Мир финансов. 2007. -2 - 6 бб.

2. Ахметов А.Е. Банковское дело. Как оценить ликвидность и платежеспособность банка. Саратов. 2000.

3. Балабанов И.Т. Банки и банковская деятельность. Питер, 2001.

4. Виноградов А.В. Основные модели построения системы гарантирования вкладов в мире // Деньги и кредит 2002.

5. Жуков Е.Ф. Общая теория денег и кредита. Москва: Банки и биржи. Юнити, 1999.

Резюме

Коммерческие банки являются вторым уровнем банковской системы. В условиях рыночной экономики цель любого действующего банка это достижение прибыли, а целью управления финансовой деятельности является обеспечение роста банковской прибыли.

Банковский бизнес как никакой другой зависит от того, насколько доступен капитал и какова цена его привлечения.

Наряду с ним главными показателями, используемыми при анализе состояния банковской системы для выявления качественных и количественных аспектов ее развития, являются определение его эффективности.

Summary

Commercial banks are the second level of bank system. In the conditions of market economy the purpose of any operating bank this achievement of profit, and the purpose of management of financial activity is maintenance of growth of bank profit.

Bank business as any another depends on that, the capital and what price of its attraction is how much accessible.

Along with it the main indicators used at the analysis of a condition of bank system for revealing of qualitative and quantitative aspects of its development, are definition of its efficiency.